

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 24 ақпан N 136. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.21. N 1433 қаулысымен. ~P991433

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығын іске асыру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1551 P971551_ қаулысына:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасына:

"Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті" деген жолдар алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Авторлық құқықтар жөніндегі агенттігі" деген жолдардан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті";

көрсетілген қаулының 2-қосымшасына:

"Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі" деген жолдағы "525" деген сан "503" деген санмен ауыстырылсын;

"Энергетика, индустрия және саудамині" деген жолдағы "235" деген сан "257" деген санмен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің мәселелері, "Қазпатент" және "Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1552 P971552_ қаулысына:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі туралы ережеге:

7-тармақтың оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"стандарттау саласында стратегиялық жоспарлау жасау, "Қазақстан-2030" Стратегиясын жүзеге асыру үшін қажетті әлемдік деңгейдегі мемлекеттік стандарттарды жасауды үйлестіру және олардың енгізілуін және қолданылуын бақылау";

8-тармақтың он сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан-2030" Стратегиясын іске асыру үшін қажетті әлемдік деңгейдегі мемлекеттік стандарттарды жасау тапсырмаларын қалыптастырады, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың оларды енгізуін және қолдануын бақылайды";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің құрылымына:

"Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында) деген жолдар алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 қарашадағы N 1642 Р971642_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы , 1997 ж., N 51, 470-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі туралы ережеге:

7-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"стандарттау, метрология және сертификаттау саласында мемлекеттік саясат жүргізу";

8-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың әлеуметтік - экономикалық және техникалық ақпаратты халықаралық, мемлекетаралық және мемлекеттік стандарттау, сертификаттау және өлшем, жіктеу және кодтау бірлігі, өнімдерді штрихпен кодтау және каталогтау жұмысын үйлестіреді, ұйымдастыру және әдістемелік басшылық жүргізеді, мемлекеттік қару-жарақ кадастрын жүргізуді қамтамасыз етеді";

көрсетілген қаулының 1-қосымшасында:

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда

министрлігінің құрылымы мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет (заңды тұлға құқығында)".

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне, "Қазақстан-2030" Стратегиясында көзделген стандарттауға, метрологияға

және сертификаттауға қойылатын талаптар ескерілген Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті туралы ережені ұсынсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК